

10. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР:

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімінің «Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау жұмыстарының нәтижесінде мектептің үш оқу жылында атқарылған жұмыстарына сараптамалық талдау жасалды:

1. Мектептің жұмыстық оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 1-11 сыныптарда Үлгілік оқу жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулармен енгізілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 1,38,39-қосымшаларымен, 1-4 сыныптардың жұмыстық оқу жоспары 1-қосымшамен, 10-11 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары 38,39-қосымшамен жасалған. Сабақ кестелері МЖМБС (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы), ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығына сәйкес жасалған.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игерілуіне мүмкіндіктер жасалған.

3. Педагогтардың сапалық құрамы мектеп өлшемшартына сай;

4. Білім алушылардың жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмыстары талапқа сай құрылған.

5. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында білім алушылардың сабақтан тыс уақыттары тиімді ұйымдастырылған.

6. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқыту іске асырылған.

7. Оқыту процесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеріле отырып ұйымдастыруға жағдай жасалған. Оқушыларға ПМПК анықтамасына сәйкес жеке оқу жоспарлары, жеке сабақ кестесі жасалған.

8. ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен тандау курстарының сабақтары дұрыс жолға қойылғандықтан, білім алушылар зияткерлік олимпиадалар мен байқаулардан жоғары нәтиже көрсетуде.

9. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының өтілуі ай сайын жоспарға сәйкес өткізілуде. Мектепте террористік әрекеттің алдын алу, сондай-ақ, мекеме объектісін және ондағы қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту мақсатында мекемеде тиісті өткізу режимі бойынша объектіге кірер есіктерде келушілерді құжаттары арқылы журналға тіркеп, олардың кіріп шығуына, бейнебақылау қондырғылары жүйесі сабақ уақытысында бақылауға алынған. Мектеп ішіндегі және сыртындағы камералар ішкі істер бөлімінің жедел басқармасына тіркелген.

10. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру мақсатында оқушылардың өмір қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету және келеңсіз оқиғалардың алдын алуда нақты, тақырыпты сабақтар мен қатар жолда жүру бойынша тәрбиелік іс- шаралар жоспарлы түрде өткізілуде.

11. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары сақталған.

12. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемелері сәйкес;

13. Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптары МЖМБС сай бөлінген;

14. Білім алушылардың медициналық қызмет көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымдарымен лицензиясы бар;

15. edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атауы бар;

16. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасалған;

17. Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қоры білім алушыларға жеткілікті.

18. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар бойынша оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі -94,2% көрсетті.

Кемшіліктер мен ескертуге байланысты мектеп алдағы жылдарға арнап қорытынды жасап, проблемаларын анықтап, шешу жолдарын айқындады.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында атқарылған жұмыстарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша құрылған жоспары толық орындалды. Бағалау қорытындысы бойынша аталған оқу жылдарында атқарылған қызметтерде білім беру саласындағы заңнамалық және құқықтық-нормативтік актілерді бұзу немесе орындамау жағдайлары орын алған жоқ. Әр оқу жылында білім беру ұйымының жылдық оқу- тәрбие жұмысының жоспары құрылып, сараланып, алдағы оқу жылының мақсаты мен міндеттері айқындалды. Мектеп өз жұмысын мектеп миссиясын іске асыруға бағыттады, мұғалімдердің оқыту – тәрбиелеу қызметінің нәтижелілігі сараланып, талданып алдағы уақытта даму бағдарламалары жоспарланып отыр. Білім беру үдерісін ұйымдастыру мен іске асырудағы кемшіліктер айқындалып, оларды жою бойынша ұсынымдар әзірленіп, әдістемелік қолдау жүргізілді.

Комиссия төрағасы:

А.Стыбаева

Комиссия мүшелері:

Р.Н.Туменбаева

А.Р.Сайрамбаев

Ж.Б. Асилина

А.Д.Караева

Г.А.Мамбетрзаева

М.Ж.Маликеев

Хатшы
Н.О. Тулеушова
